

**Атбасар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 5С 31/5 "Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 6С 2/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 мамырда № 5341 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы мәслихатының 2018 жылғы 28 қарашадағы № 6С 25/5 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды – Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 28.11.2018 № 6С 25/5 (арнайы жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу туралы" 2015 жылғы 9 ақпандағы № 5С 31/5 (Нормативтік құқықтық актелірді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4679 тіркелген, 2015 жылғы 27 наурыздағы "Атбасар", "Простор" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 50071 тіркелген) қаулысына сәйкес, Атбасар

аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:"**;

1 қосымшасының 3 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"3. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері " Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген " Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11015 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, Атбасар  
аудандық мәслихатының хатшысы*

*Борұмбаев Б.А.*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Атбасар аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*А.В.Чириков*

*27 сәуір 2016 жыл*